

БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы

С.Дауешова
«12» 12 2024ж.

**«ҚҰҚЫҚ, ДЕНСАУЛЫҚ, АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ —
ҚАЗІРГІ ӘЛЕМНІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНА БАҒДАРЛАР»
элеуметтік идеялар мен жобалар қалалық байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже Астана қаласы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің шығармашылық шеберлігін айқындауға арналған элеуметтік идеялар мен жобалар қалалық байқауының мақсатын, міндеттерін, өткізу тәртібін және негізгі бағыттарын анықтайды.

2. Байқауды ұйымдастырушы - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары көлік және коммуникация колледжі» ШЖҚ МКК.

3. Байқау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 07 желтоқсандағы «Жалпы білім беретін пәндер бойынша, орындаушылар байқаулары, кәсіби шеберлік байқаулары, спорттық жарыстар бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми конкурстардың) тізбесін бекіту туралы» №514 бұйрығының негізінде ұйымдастырылып өткізіледі.

4. Байқауды өткізу тілі: мемлекеттік, орыс.

5. Байқаудың мақсаты - құқықтық мәдениет, денсаулық үшін ортақ жауапкершілік және ЕБҚ бар адамдарды бейімдеу, ақпараттық сауаттылық, көлік-коммуникациялық инфрақұрылым сияқты элеуметтік маңызды мәселелерді шешуді ұсынатын үздік идеялар мен жобаларды анықтау және танымал ету.

6. Байқаудың міндеттері:

- ✓ азаматтардың құқықтарын қорғау, салауатты өмір салтын насихаттау, білім беру қызметтерінің сапасын арттыру, цифрландыру және ақпараттық мәдениет саласы бойынша үздік нәтижеге қол жеткізген үлгілерді танымал ету;
- ✓ тәжірибе алмасу және жұмыста үздік тәжірибелер мен жобаларды дәріптеу үшін талқылау алаңдарын ұйымдастыру ерекше білім алуды қажет ететін тұлғалардың білім беру қызметтеріне қолжетімділігін жақсарту;
- ✓ Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру;
- ✓ Қоғамның көлік-коммуникация жүйесінің қызметіне назар аударуы;
- ✓ Педагогтерді қоғамдық маңызы бар жобалар арқылы инновациялық қызметке тиімді ынталандыру;
- ✓ Астана қаласы педагогтерінің үздік тәжірибелері, жобалары мен бастамаларын айналымға шығару.

2. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТӘРТІБІ

1. Байқаудың тақырыбы мен номинацияларын ұйымдастыру комитеті белгілейді. Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

- Б.К. Сейдахметова - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК ТжКББ бөлімінің әдіскері, байланыс телефоны 8(777)5338769.

- Р.К. Давлетбаева - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК ТжКББ бөлімінің әдіскері, 8(707)3234280.

- Г.С. Чалгинбаева - Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары көлік және коммуникация колледжі» ШЖҚ МКК директорының ОӘЖ жөніндегі орынбасары, 8 (775) 2547783.

- Ж.Т. Мылтықбаева - Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары көлік және коммуникация колледжі» ШЖҚ МКК әдіскері, 8 (705) 1879375.

- А.А. Бекенова - Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары көлік және коммуникация колледжі» ШЖҚ МКК әдіскері, 8 (705) 1710226.

Сейдахметова *Давлетбаева* *Чалгинбаева*

2. Байқауды өткізу туралы хабарландыру әдістемелік орталық [/https://astana-modern.edu.kz/](https://astana-modern.edu.kz/) және колледж сайтында [/https://ctranscom.kz/](https://ctranscom.kz/) және әлеуметтік желілерде орналастырылады.

3. Байқауға қатысуға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ТЖКББ) педагогтері жіберіледі.

4. Байқауға қатысуға өтінімдер мен байқауға қатысушылардың саны шектелмейді.

5. **Байқау үш кезеңмен өткізіледі** (I, II кезеңдер – *online*, III кезең – *offline*):

➤ **I кезең** (2024 жылғы 1-19 сәуір аралығында, сағат 18.00 дейін) - бастапқы іріктеу жұмысы, белгіленген талаптарға сәйкестігіне қатысты байқау өтінімдерін (1-қосымшаға сәйкес) қабылдау.

➤ **II кезең** (2024 жылғы 22 сәуір - 10 мамыр аралығында) - жобаларды бағалау, үздік 20 жобаны іріктеу жұмысы (TOP-20 жоба). II кезең қорытындысының хаттамасы әдістемелік орталық [/https://astana-modern.edu.kz/](https://astana-modern.edu.kz/) және колледж сайтында [/https://ctranscom.kz/](https://ctranscom.kz/) орналастырылады.

➤ **III кезең** (14 мамыр 2024 ж.) - әлеуметтік идеялар мен жобалар байқауында TOP-20 жобаны қорғау. Жеңімпаздарды анықтау, марапаттау.

6. Қазылар алқасы байқау қорытындысы бойынша 4 (төрт) бағыт бойынша 3 (үш) үздік жұмысты анықтайды және хаттамамен ресімдейді. Байқау қорытындысы бойынша үздік жұмыстар I, II, III дәрежелі және қосымша номинациялы: «Үздік әлеуметтік ұсыныс», «Үздік инновациялық жоба» дипломдарымен марапатталады. Барлық қатысушыларға сертификат беріледі.

7. Байқау қорытындысы туралы ақпарат Әдістемелік орталықтың және колледждің ресми сайттарында жарияланады.

3. БАЙҚАУҒА ӨТІНІМ БЕРУ ТӘРТІБІ

1. Байқауға қатысу үшін төменде белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген **өтінім** (1 қосымша) ұсыну қажет:

- өтініш беруші туралы ақпарат;
- жобаның атауы;
- байқау бағытының атауы;
- жобаның қысқаша сипаттамасы;
- жобаның мақсаты мен негізгі міндеттерін сипаттау;
- проблеманы қою;
- нысаналы топ, жобаны іске асыру аумағы;
- күтілетін нәтижелер;
- жобаны іске асыру тиімділігін бағалау өлшемшарттары;
- жобаның тұрақтылығы.

2. Өтінім көрсетілген талаптарға сай ресімделіп, электронды түрде MS Word форматында konkurs.proyektov@bk.ru электронды поштасына «Әлеуметтік идеялар мен жобалар байқауы» деген белгімен жіберіледі (өтінім файлы қатысушы тегімен сақталуы тиіс).

3. Байқауға ұсынылған өтінімдер қайтарылмайды.

4. Белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін өтінімдер байқауға қатысуға жіберілмейді.

5. Байқау өтінімдерін қабылдамау себептері өтініш берушілерге хабарланбайды.

4. БАЙҚАУ БАҒЫТТАРЫ

Байқау 4 бағыт бойынша өтеді:

❖ **1-ші бағыт: «Құқықтық құзыреттер: сыйластық мәдениеті және заңдылықты сақтау».**

Бұл бағытта халықтың құқықтық мәдениеті мен азаматтық санасын арттыруға бағытталған жобалар қарастырылады:

- *құқықтық жалпыға бірдей оқыту, заңға құрметпен қарауды дамыту, адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттармен халықтың хабардарлығын арттыру арқылы ақпараттық-ағарту жұмысы, құқықтарды қорғау және заңдылықты сақтау мәселелері бойынша білім беру, коммуникациялық, консультациялық қызметтер арқылы халықты құқықтық қолдау;*

- *азаматтық бақылау бойынша консультациялық-құқықтық, мониторингтік қызметтерді құру үшін жалпы халықты, оның ішінде әлеуметтік осал топтарды*

(сарапшыларды, уәкілетті тұлғаларды, еріктілерді, қызметкерлердің аутричтерін және т. б. дайындау) ақпараттық - құқықтық сауаттылыққа оқыту;

- азаматтардың құқықтарын қорғау саласындағы үздік жұмыс істейтін модельдерді танымал ету, құқықтық мәселелерді, кемсітушілікті, гендерлік теңсіздікті, ақпараттық қауіпсіздікті және құқықтар мен мүдделерді қорғауды талап ететін өзге де бағыттарды шешу бойынша халықпен жұмыс істеу тәжірибесі мен табысты практикасын тарату.

I –ші бағыт бойынша бағалау өлшемшарттары:

№	Бағалау өлшемшарттары	ұпай
1	Жобаның басым бағыттарға, конкурс шарттарына сәйкестігі	10
2	Әлеуметтік маңыздылығы мен өзектілігі	20
3	Жобаның нақты міндеттерінің шынайылығы, күтілетін нәтижелерге қол жеткізу	20
4	Жобаның ҚР-ның заңнамасына сәйкестігі	10
5	Жобаның пысықталу дәрежесі мен сапасы	20
6	Жобаның тұрақтылығы, жоба нәтижелерін пайдалану перспективалары	20
	Жалпы ұпай саны	100

❖ II-ші бағыт: «Денсаулық және әлеуметтік бейімделу: білім беру қызметтеріне қолжетімділікті жақсарту».

Бұл бағытта салауатты өмір салтын насихаттауға, мүмкіндігі шектеулі жастардың әлеуметтік бейімделуін жақсартуға және сапалы білімге қол жеткізуге бағытталған жобалар қарастырылады:

- өз денсаулығы үшін ортақ жауапкершілікті қалыптастыру бойынша үздік идеялар мен тәжірибелерді анықтау және танымал ету, жалпы халықты салауатты әдеттерге, дене шынықтыру сабақтарына, спортқа және дұрыс тамақтануға оқыту және тарту, осы салада халықаралық тәжірибені табысты қолдану, цифрландырудың, интернеттің балалардың денсаулығы үшін қауіпті төмендету тетіктері мен денсаулығына әсері;

- ТжКББ-да инклюзивті білім беруді іске асыру кезінде сапалы білім беру қызметтеріне қолжетімділікті арттыруға жәрдемдесу және кедергілерді еңсеру (бағалау, талдау, мониторинг, азаматтық бақылау және т. б.);

- жасөспірімдер мен ата-аналарға психологиялық кеңес беру, психикалық денсаулық пен әл-ауқатқа ықпал ететін ақпараттық-профилактикалық жұмыстар жүргізу.

II –ші бағыт бойынша бағалау өлшемшарттары:

№	Бағалау өлшемшарттары	ұпай
1	Жобаның басым бағыттарға, конкурс шарттарына сәйкестігі	10
2	Әлеуметтік маңыздылығы мен өзектілігі	20
3	Жобаның нақты міндеттерінің шынайылығы, күтілетін нәтижелерге қол жеткізу	20
4	Жобаның пысықталу дәрежесі мен сапасы	20
5	Әлеуетті әріптестердің, инвесторлардың болуы (не тарту мүмкіндігі)	20
6	Жоба нәтижелерін пайдалану перспективалары	10
	Жалпы ұпай саны	100

❖ III-ші бағыт: «Халықты ақпараттандыру: цифрландыру жұмысының үздік стратегиялары».

Бұл бағытта цифрлық теңсіздікті және жалпы халықтың ақпараттық сауатсыздығын төмендетуге бағытталған жобалар қарастырылады:

- халықтың цифрлық және ақпараттық сауаттылығын оқыту үшін цифрлық, онлайн/офлайн ақпараттық алаңдар құру;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларға қол жеткізуді қажет ететін әлеуметтік мекемелерді (мамандандырылған мектеп-интернаттар, балалар үйлері, баспаналар, әлеуметтік бейімдеу орталықтары және т. б.) қолдау;

- білім беру қызметтерінің тиімділігін арттыру үшін ТжКББ қызметінде жаңа цифрлық технологияларды пайдалану.

III-ші бағыт бойынша бағалау өлшемшарттары:

№	Бағалау өлшемшарттары	ұпай
---	-----------------------	------

1	Жобаның басым бағыттарға, конкурс шарттарына сәйкестігі	10
2	Әлеуметтік маңыздылығы мен өзектілігі	20
3	Жобаның нақты міндеттерінің шынайылығы, күтілетін нәтижелерге қол жеткізу	10
4	Жобаның пысықталу дәрежесі мен сапасы	20
5	Әлеуетті әріптестердің, инвесторлардың болуы (не тарту мүмкіндігі)	10
6	Жоба нәтижелерін пайдалану перспективалары	10
7	Жобаның бірейгейлігі (ерекшелігі, бұрын соңды болмаған тың идеяның болуы)	20
	Жалпы ұпай саны	100

❖ IV-ші бағыт: «Халыққа арналған коммуникациялар: көлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жаңғырту және кеңейту».

Бұл бағытта республика экономикасы салаларын перспективалық дамытудың іске асырылып жатқан бағдарламаларымен тығыз байланыста көлік және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салаларын дамытуға бағытталған жобалар қаралады:

- көлік және коммуникациялық құрылыс инфрақұрылымын дамытуды жеделдету;
- елдің көліктік-логистикалық әлеуетін дамытуды қолдау;
- Қазақстан Республикасының халықаралық көлік дәліздерін тиімді пайдалану;
- ақпаратты берудің инновациялық радиотехникалық және телекоммуникациялық жүйелерін құру.

IV -ші бағыт бойынша бағалау өлшемшарттары:

№	Бағалау өлшемшарттары	ұпай
1	Жобаның басым бағыттарға, конкурс шарттарына сәйкестігі	10
2	Әлеуметтік маңыздылығы мен өзектілігі	20
3	Жобаның нақты міндеттерінің шынайылығы, күтілетін нәтижелерге қол жеткізу	10
4	Жобаның пысықталу дәрежесі мен сапасы	20
5	Әлеуетті әріптестердің, инвесторлардың болуы (не тарту мүмкіндігі)	10
6	Жоба нәтижелерін пайдалану перспективалары	10
7	Жобаның бірейгейлігі (ерекшелігі, бұрын соңды болмаған тың идеяның болуы)	20
	Жалпы ұпай саны	100

**Ескертпе! Байқау комиссиясы жобаларды бағалау үшін байқауға қатысушылардан қосымша мәліметтер сұратуға құқылы.*

5. БАЙҚАУДЫҢ IV КЕЗЕҢІН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1. Байқаудың offline кезеңіне III-кезеңдегі іріктеуден өтіп, үздік 20 жоба иелері деп танылған педагогтер қатысады.
2. Өту орны: Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары көлік және коммуникация колледжі» ШЖҚ МКК, Конституция көшесі 10.
3. Байқаудың offline кезеңінде қолданатын демонстрациялық материалдарын (стенд, презентация, макет, бизнес-план, бейнематериал т.б.) үздік «ТОР-20» жоба иелері **2024 жылдың 13 мамырынан** кешіктірмей ұсынуы тиіс.
4. Қатысушылардың демонстрациялық материалдарында келесі ақпарат болуы қажет:
 - жобаның атауы;
 - жобаның мақсаттары мен міндеттері;
 - жобаның жоспарланған нәтижелері;
 - жобаны визуализациялау;
 - үлестірмелі материалдың болуы құпталады.

5. Қорытынды кезеңнің бағалау өлшемшарттары:

№	Бағалау өлшемшарттары	Ұпай (0-10)
1	Регламенттің сақталуы	
2	Жобаның басым бағыттарға, конкурс шарттарына сәйкестігі	

3	Әлеуметтік маңыздылығы мен өзектілігі	
4	Жобаның нақты міндеттерінің шынайылығы, күтілетін нәтижелерге қол жеткізу	
5	Жобаның пысықталу дәрежесі мен сапасы	
6	Жоба нәтижелерін пайдалану перспективалары	
7	Жобаның бірейгейлігі (ерекшелігі, бұрын соңды болмаған тың идеяның болуы)	

6. БАЙҚАУ КОМИССИЯНЫҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

1. Ұйымдастыру комитеті жобаларды бағалау және жеңімпаздарды анықтау мақсатында мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдар, коммерциялық құрылымдар мен БАҚ өкілдері тарапынан кемінде 5 (бес) адамнан тұратын байқау комиссиясын құрады.
2. Комиссия төрағасы байқау комиссиясы мүшелерінің бірі болып табылады.
3. Комиссияның шешімдері құрамның кемінде 2/3 кворумы болған кезде қарапайым көпшілік дауыспен ашық дауыс беру жолымен қабылданады.
4. Комиссияның шешімдері түпкілікті болып табылады және қайта қаралынбайды.
5. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді, оған барлық мүшелер қол қояды.
6. Байқау хаттамасы Әдістемелік орталық /<https://astana-modern.edu.kz/> және колледж /<https://ctranscom.kz/> сайттарында орналастырылады.

1 қосымша

**«ҚҰҚЫҚ, ДЕНСАУЛЫҚ, АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ — ҚАЗІРГІ
ӨЛЕМНІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНА БАҒДАРЛАР»
әлеуметтік идеялар мен жобалар қалалық байқауына қатысу үшін
ӨТІНІМ**

*Өтінім қазақ немесе орыс тілінде қабылданады.
Өтінімнің жалпы көлемі 5 беттен аспауға тиіс.*

Өтінім қабылдау мерзімі: 2024 жылдың 19 сәуірі, сағат 18:00-ге дейін.

1. Өтініш беруші туралы ақпарат

Ұйымның атауы:	
Т.А.Ә.:	
Лауазымы:	
Байланыс телефоны:	электронды поштаның мекенжайы (E-mail):

2. Жобаның атауы

--

3. Байқау бағытының атауы

--

4. Жобаның қысқаша сипаттамасы (½ беттен артық емес)

--

5. Жобаның мақсаты мен міндеті

--

6. Мәселені сипаттау (1/2 беттен аспауы керек)

7. Жобаны іске асырудағы әлеуметтік әріптестік

8. Нысаналы топ, жобаны жүзеге асыру аумағы

9. Жобадан күтілетін сапалық және сандық нәтижелер

10. Жобаны жүзеге асырудың тиімділігі

11. Жобаның тұрақтылығы

Ескерту: Автоматтандырылған ақпараттық жүйе болған жағдайда, платформаға сілтеме беруге рұқсат етіледі.

Қолы

толтырылған мерзімі